

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі, тұрғын үй қатынастары және коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік нормативтік құжаттар

Государственные нормативные документы в сфере архитектурной, градостроительной и строительной деятельности, жилищных отношений и коммунального хозяйства

КОММУНАЛДЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР САПАСЫНАҢ ДЕҢГЕЙІН АНЫҚТАУ ӘДІСТЕМЕСІ

МЕТОДИКА ОПРЕДЕЛЕНИЯ УРОВНЯ КАЧЕСТВА КОММУНАЛЬНЫХ УСЛУГ

Ресми басылым
Издание официальное

**Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын
үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі**

**Агентство Республики Казахстан по делам строительства
жилищно-коммунального хозяйства**

Астана 2012

Алғы сөз

| | |
|--------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| ӘЗІРЛЕГЕН: | «Тұрғын-үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту мен дамытудың қазақстандық орталығы» акционерлік қоғамы |
| ҰСЫНҒАН: | Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігінің Ғылыми-техникалық саясат және нормалау департаменті |
| ҚАБЫЛДАНҒАН ЖӘНЕ ІСКЕ ЕНГІЗІЛГЕН МЕРЗІМІ: | Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігінің 10.01.2012 ж. № 5 бұйрығымен 01.05.2012 ж. бастап енгізілді. |
| ОРНЫНА: | Алғашқы рет |

Предисловие

| | |
|------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| РАЗРАБОТАН: | Акционерным обществом «Казахстанский центр модернизации и развития жилищно-коммунального хозяйства» |
| ПРЕДСТАВЛЕН: | Департаментом научно-технической политики и нормирования Агентства Республики Казахстан по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства |
| ПРИНЯТ И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ: | Приказом Агентства Республики Казахстан по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства от 10.01.2012 г. № 5 с 01.05.2012 г. |
| ВЗАМЕН: | Впервые |

Осы мемлекеттік нормативті ҚР сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі, тұрғын үй қатынастары және коммуналдық шаруашылық саласындағы Уәкілетті органының рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайта басуға, көбейтуге және таратуға болмайды.

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Уполномоченного государственного органа РК в сфере архитектурной, градостроительной и строительной деятельности, жилищных отношений и коммунального хозяйства.

Мазмұны

| | | |
|-----|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----|
| 1 | Қолдану саласы | 1 |
| 2 | Нормативтік сілтемелер | 1 |
| 3 | Терминдер, анықтамалар мен қысқартулар | 2 |
| 4 | Коммуналдық қызметтер сапасының деңгейі | 4 |
| 4.1 | Коммуналдық қызметтер сапасының жалпы көрсеткіштері | 4 |
| 4.2 | Коммуналдық қызметтердің сапасына әсер ететін факторлардың сыныптамасы | 5 |
| 5 | Тұтынушыға ұсынылатын коммуналдық қызметтердің сапасына қойылатын талаптар | 7 |
| 6 | Коммуналдық қызметтердің сапасы деңгейін бағалау әдістері | 17 |
| 7 | Коммуналдық қызметтердің деңгейін анықтаудың әлеуметтік әдістері..... | 21 |
| 8 | Коммуналдық қызметтерді ұсынбаудың немесе тиісті сапада коммуналдық қызметтерді ұсынбаудың фактісін орнату тәртібі | 24 |
| 9 | Коммуналдық қызметті Тұтынушының құқықтары мен міндеттері | 25 |
| 10 | Коммуналдық қызметтер Қызмет ұсынушысының құқықтары мен міндеттері | 27 |
| 11 | Коммуналдық қызметтердің сапасын жоғарылатудың қағидалары, көрсеткіштері мен өлшемдері | 28 |
| 12 | Коммуналдық қызметтердің сапасын бақылау | 30 |
| | Библиография | 31 |

КОММУНАЛДЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР САПАСЫНАҢ ДЕҢГЕЙІН АНЫҚТАУ ӘДІСТЕМЕСІ

Енгізу күні– 01.05.2012

1 Қолдану саласы

Коммуналдық қызметтердің сапасы деңгейін анықтаудың осы Әдістемесі (әрі қарай - Әдістеме) Қызмет беруші мен Тұтынушының пайдаланушылық жауапкершілік шекарасында Тұтынушыларға берілетін коммуналдық ресурстар сапасы көрсеткіштерінің құрамын белгілейді.

Осы Әдістеме Қызмет жеткізушісі мен коммуналдық қызметтер Тұтынушысы арасындағы қатынастар саласына таралады және коммуналдық қызметтердің сапасына қойылатын талаптарды белгілейді, бар болған жағдайда коммуналдық қызметтердің сапасындағы ауытқуларды анықтауға көмектеседі.

Әдістеме алынатын коммуналдық қызметтер сапасының ұзақ уақыт ауытқулары немесе коммуналдық қызметтердің болмауы кезінде Тұтынушылар қызмет жеткізушілеріне, жергілікті атқарушы органдарға шағымдарды ресімдеген кезде, сондай-ақ жергілікті басқару органдары мен баспа мүдделі ақпарат пайдаланушыларының коммуналдық қызметтердің бағасы/сапасы қатынасын анықтау үшін нормативтік құжат болып табылады.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы Әдістемені қолдану үшін келесі сілтемелік құжаттар қажет:

Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі № 193-IV «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодексі.

Қазақстан Республикасының 1998ж. 9 шілдедегі № 272-I «Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» Заңы.

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі № 588-II «Электр энергетика туралы» Заңы.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 7 желтоқсандағы № 1822 «Электр энергетика саласында нормативтік құқықтық актілерді бекіту туралы» қаулысы.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 3 наурыздағы № 172 «Лифтілердің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламентін бекіту туралы қаулысы.

Қазақстан Республикасы Энергетика және минералды ресурстар министрінің 2005 жылғы 24 қаңтардағы № 10 «Электр энергиясын пайдалану

ережесін және жылу энергиясын пайдалану ережесін бекіту туралы» бұйрығы.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2005 жылғы 24 наурыздағы № 137 «Санитарлы- эпидемиологиялық ереже мен коммуналдық гигиена бойынша нормаларды бекіту туралы» бұйрығы.

Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі Төрағасының 2006 ж. 21 ақпандағы № 50-ОД «Сыртқы ауаның нақты температурасын ескерумен жылумен жабдықтау бойынша қызметтердің құнын қайта есептеу әдістемесін бекіту туралы» бұйрығы.

«Су көздеріне, шаруашылық - ауыз сумен жабдықтауға, мәдени-тұрмыстық су пайдалану орындарына және су объектілерінің қауіпсіздігіне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық ережесін бекіту туралы Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 28 шілдедегі № 554 бұйрығы

«Коммуналдық мақсаттағы объектілерге қойылатын санитарлы-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық ережесін бекіту туралы санитариялық ережесін бекіту туралы Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 28 шілдедегі № 555 бұйрығы.

МСН 4.02-02-2004 «Жылулық желілер».

МемСТ 721-77 «Электрмен жабдықтау жүйелері, электр энергия желілері, көздері, түрлендіргіштері мен қабылдағыштары. 1000 В артық номиналды кернеулер».

МемСТ 13109-97 «Жалпы мақсаттағы электрмен жабдықтау жүйелеріндегі электр энергиясы сапасының нормалары».

МемСТ 21128-83 Электрмен жабдықтау жүйелері, электр энергия желілері, көздері, түрлендіргіштері мен қабылдағыштары. 1000 В дейінгі номиналды кернеулер

ҚР ҚНЖЕ 4.01-41-2006 «Ғимараттардың ішкі су құбыры және кәріз жүйесі».

ҚР ҚНЖЕ 3.02-02-2009 «Қоғамдық ғимараттар мен құрылыстар».

ҚР ҚН 2.04-21-2004 «Энергиямен тұтыну және азаматтық ғимараттарды жылулық қорғау».

СП 31-108-2002 «Тұрғын және қоғамдық ғимараттар мен құрылыстардың қоқыс құбырлары».

ВСН 8-72 «Тұрғын және қоғамдық ғимараттарда қоқыс құбырларын жобалау бойынша нұсқаулар».

3 Терминдер, анықтамалар мен қысқартулар

Осы Әдістемеді келесі терминдер, анықтамалар мен қысқартулар қолданылған:

Баланстық тиістілік шекарасы: Меншік, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару белгісі бойынша инженерлік желілердің және олардағы құрылыстардың элементтерін бөлу сызығы.

Қызмет беруші мен Тұтынушының пайдаланушылық жауапкершілік шекарасы: Тараптардың келісімімен орнатылатын инженерлік жүйелердің элементтерін пайдалану үшін міндеттер (жауапкершілік) белгісі бойынша инженерлік жүйелердің элементтерін бөлу сызығы. Мұндай келісім болған кезде пайдаланушылық жауапкершіліктің шекарасы баланстық тиістілік шекарасы бойынша белгіленеді.

Тұрғын- коммуналдық қызметтердің сапасы: Халықтың өмір сүру жағдайларына қоятын талаптарды қанағаттандыру деңгейін анықтайтын, тұрғын үй қоры мен инженерлік коммуникациялардың жүйелерін ұстау, оларды жөндеу, жылумен жабдықтау, электрмен жабдықтау, газбен жабдықтау, сумен жабдықтау және кәріздендіру, қоқысты утилизациялау бойынша қызметтердің қасиеттері мен сипаттамаларының жиынтығы.

Коммуналдық қызметтер: Ғимараттардың, құрылыстардың, құрал-жабдықтың, коммуникациялар мен тұрғын- коммуналдық мақсаттағы объектілердің тиісті техникалық және санитарлы- гигиеналық күйін ұстап тұру және қалпына келтіру, тұрмыстық қалдықтарды шығару, Тұтынушыларға коммуналдық ресурстарды беру және ағын суларды: электр энергиясын, ауыз суды, газды, жылу энергиясын, ыстық суды бұру бойынша қызметтер.

Тиісті сапалы коммуналдық қызметтер: Коммуналдық қызметтерді ұсыну ережесінің талаптарына, коммуналдық қызметтерді ұсыну режиміне, көлемі мен сапасына қойылатын санитарлық және техникалық талаптарға, Қазақстан Республикасы заңнамасының, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес орындаушы жасасатын және коммуналдық қызметтерді ұсыну талаптары жазылатын шарттың басқа да талаптарына жауап беретін коммуналдық қызметтер.

ТКШ ұйымы тауарлары мен қызметтер тұтынушысы: Жеке және басқа да қажеттіліктер үшін коммуналдық қызметтерді пайдаланатын заңды немесе жеке тұлға.

Қызметтерді ұсыну режимі: Қызметтің әрбір түрі үшін белгіленген міндетті нормалар жүйесі.

Қызмет беруші: Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес Тұтынушыларға коммуналдық қызметтерді ұсынатын заңды немесе жеке тұлға.

ТКШ: Тұрғын –коммуналды шаруашылық.

ЫСҚ: Ыстық сумен жабдықтау.

ССҚ: Суық сумен жабдықтау.

ОЖ: Орталықтандырылған жылу беру.

ЭЭ: Электр энергиясы.

ГЖ: Газбен жабдықтау.

4 Коммуналдық қызметтер сапасының деңгейі

4.1 Коммуналдық қызметтер сапасының жалпы көрсеткіштері

4.1.1 Қызмет беруші мен Тұтынушының пайдаланушылық жауапкершілік шекарасына жеткізілетін коммуналдық ресурстардың сапасы мен мөлшері тұрғын үйлерде жылу- және сумен жабдықтау жүйелерінің кірістерінде орнатылған жалпы үйлік есепке алу аспаптарының және энергия тұтынуды бақылау мен есепке алудың автоматтандырылған жүйесінің, сондай-ақ электр энергиясы мен суды есепке алудың жеке аспаптарының көрсеткіштері бойынша анықталады және бағаланады.

4.1.2 Қызметтер ұсынудың режимі мен тұтынушылық қасиеттері келесідей нормативтік- техникалық құжаттамамен белгіленген талаптарға сәйкес келуі тиіс:

1) жылумен жабдықтау бойынша – тұрғын жайларда ауа температурасын анықтайтын Санитарлық ереженің талаптарына - жылу беру маусымы ішінде тәулік бойы.

2) электрмен жабдықтау бойынша – қолданыстағы стандарт бойынша электр энергиясының параметрлеріне – жыл ішінде тәулік бойы.

3) суық және ыстық сумен жабдықтау бойынша – берілетін судың құрамы, қасиеттері мен жылыту температурасы бойынша Санитарлық ереженің, сондай-ақ тарату жерінде судың есептік шығын талаптарына - жыл ішінде тәулік бойы.

4) су бұру бойынша – ағын суларды толық бұруды қамтамасыз етуге жыл ішінде тәулік бойы.

5) газбен жабдықтау бойынша (орталықтандырылған) – қолданыстағы стандарт бойынша газ параметрлеріне - жыл ішінде тәулік бойы.

6) лифтілерге қызмет көрсету – лифтілерді қауіпсіз пайдалану бойынша - жыл ішінде тәулік бойы, немесе шарттың негізінде.

7) коммуналдық қалдықтарды шығару – санитарлы- эпидемиологиялық талаптарға жауап беретін коммуналдық қалдықтарды толық шығару бойынша.

4.1.3 Тұрғын- коммуналдық қызметтер сапасының көрсеткіштері:

1) сенімділік көрсеткіші – берілген реттеуші ұйымның объектілеріндегі технологиялық бұзушылықтардың нәтижесінде туындайтын санға, көлем мен ұзақтылыққа байланысты анықталады.

Сенімділік көрсеткіші деңгейінің көрсеткіштеріне келесілер жатады:

- тауарлар мен көрсетілетін қызметтер жеткізуінде бұзушылықтар санымен анықталатын көрсеткіштер;

- тауарлар жеткізудің, қызметтер көрсетудің тоқтатуларының келтірілген ұзақтылығымен анықталатын көрсеткіштер;

- тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді жеткізуде бұзушылықтар нәтижесінде жылудың жете берілмеуімен келтірілген көлемімен анықталатын көрсеткіштер;

- жылу энергиясын берудегі бұзушылықтар нәтижесінде температура ауытқуларының орташа өлшенген шамасымен анықталатын көрсеткіштер.

2) сапа деңгейінің көрсеткіші – реттеуші ұйымның тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді өндіру процесінде, жеткізуде тауарлар мен қызметтер Тұтынушыларымен тиімді өзара әрекеттестікке бағыттылық деңгейін сипаттайды:

- реттеуші ұйым мен тауарлар мен қызметтер Тұтынушысы арасындағы шарттарда белгіленген талаптар;

- тауарлар мен қызметтер Тұтынушыларына қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатымен реттеуші ұйымның өзіне жүктеген міндеттемелері бойынша туындайтын талаптар;

- тауарлар мен қызметтер Тұтынушыларымен реттеуші ұйымның өзара қатынастары бөлігінде заңнамалық және басқа да міндетті талаптар.

Реттеуші ұйыммен жеткізілетін тауарлар мен көрсетілетін қызметтер сапасының деңгейі келесілерді сипаттайтын сапа деңгейі көрсеткіштерінің негізінде анықталады:

- объектілерге қосылу бойынша тауарлар мен қызметтердің талаптарын орындау деңгейі;

- тауарлар мен қызметтер Тұтынушыларының өтініштері бойынша белгіленген мерзімде қарастыруға және шешімдерді қабылдауға мүмкіндік беретін реттеуші ұйымның тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді өндіру, жеткізу бойынша тауарлар мен қызметтер Тұтынушыларының талаптарын орындау деңгейі.

4.2 Коммуналдық қызметтердің сапасына әсер ететін факторлардың сыныптамасы

Коммуналдық қызметтердің сапасына әсер ететін факторлар 1 Кестеде келтірілген.

1 Кесте – ТКШ қызметтер сапасына әсер ететін факторлардың сыныптамасы

| Ұйымдастыру-экономикалық факторлар | Ғылыми-техникалық факторлар | Әлеуметтік факторлар | Климаттық факторлар | Экологиялық факторлар |
|-------------------------------------------|------------------------------------|-----------------------------|----------------------------|------------------------------|
| басқарушылық және | ТКШ саласындағы | заңды тәртіпте тіркелген | маусымдар бойынша | Судың химиялық |

| | | | | |
|--------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------|
| ұйымдастырушылық қызметтің тиімділігі | ғылыми-техникалық прогресс деңгейі | кондоминиум басқару органының болуы | ауаның орташа температурасы | құрамы |
| кадрлық құрам деңгейі, персоналдың өтілі, жұмысшылар саны | коммуналдық қызметтерді өндіру және ұсыну процесінде пайдаланылатын құрал-жабдықтың физикалық тозу деңгейі | білімі, мәдениеті, араласу мәдениеті бойынша үй тұрғындарының біртектік деңгейі | Ауа ылғалдылығы деңгейі | көк көшеттердің ауданы мен тығыздығы |
| кәсіпорынның қаржылық, инвестициялық және экономикалық тұрақтылығы | ғимараттардың, инженерлік желілердің, лифтілердің және басқа құрал-жабдықтың жасы | үйді басқару сұрақтарында тұрғындардың бастамашылдығы | жауатын жауын-шашын (жаңбыр мен қар) мөлшері | атмосфераға зиянды шығарындар көлемі |
| инвестициялық тартымдылық | кәсіпорын мен қызмет көрсетілетін объектінің техникалық жабдықталу деңгейі | тұрғындардың реформаларға (инновациялар ендіруге) қатынасы | жел жылдамдығы | суға зиянды тастаулар көлемі |
| таза пайда | объектінің инновациялар ендіруге дайындық деңгейі | тұрғындардың көп пәтерді үйдің ортақ меншігіне қатынасы | күн белсенділігі | кәсіпорындар шығаратын улы қалдықтар көлемі |
| амортизациялық есептеулер сомасы | құрал-жабдықтың модернизацияға техникалық мүмкіндіктері | мемлекеттің, орындаушы мен коммуналдық қызметтер Тұтынушысының арасында | топырақтың химиялық құрамы | өндірілетін, шығарылатын және кәделенетін тұрмыстық қатты қалдықтар |

| | | | | |
|--|--|----------------------------------------------------------------------------|--|-----------|
| | | туындайтын қатынастарды реттейтін заңнамалық базаның әзірленгендік деңгейі | | ың көлемі |
|--|--|----------------------------------------------------------------------------|--|-----------|

5 Тұтынушыға ұсынылатын коммуналдық қызметтердің сапасына қойылатын талаптар

Тұтынушыға ұсынылатын коммуналдық қызметтердің сапасына қойылатын талаптарға келесі жатады:

5.1 ОЖ жүйесі үшін:

- жылу жүйесіне түскен желілік судың орташа тәуліктік температурасының ауытқуы белгіленген температура кестесінен $\pm 3\%$ шектерде болуы тиіс. Кері желілік судың орташа тәуліктік температурасы температура кестесімен берілген температурадан 5%- дан артыққа аспауы тиіс;

- орталықтандырылған жылу жүйесінің кері құбырындағы желілік судың қысымы статикалықтан (жүйе үшін) кем дегенде 0,05 МПа (0,5 кгс/см²) жоғары, бірақ мүмкіннен жоғары емес (құбырлар, жылу аспаптары, арматура және басқа құрал- жабдық) болуы тиіс. Қажет болған жағдайда, тіреу реттеуіштерін магистралды жылу желілеріне тікелей қосылған тұрғын ғимараттардың ИТП жылу жүйелеріндегі кері құбырларда орнатуға жол беріледі;

- ОЖ жүйелерінің беретін құбырында желілік судың қысымы кері құбырлардағы судың қажетті қысымынан бар тегеурін шамасына (жүйеде жылу тасығыштың айналуын қамтамасыз ету үшін) жоғары болуы тиіс;

- ОЖ жылу желісінің ғимаратқа кірісінде жылу тасығыштың тегеуріні (беретін және кері құбырлар арасындағы қысым аралығы) жылумен жабдықтайтын ұйымдармен келесі шектерде ұсталуы тиіс:

1) тәуелді қосылу кезінде (элеваторлық тораптармен) – жобаға сәйкес, бірақ 0,08 МПа (0,8 кгс/см²) кем емес;

2) тәуелсіз қосылу кезінде– жобаға сәйкес, бірақ ОЖ үйішілік жүйесінің гидравликалық кедергісінен 0,03 МПа (0,3 кгс/см²) кем емес.

5.2 БСЖ жүйесі үшін:

- жабық жүйелер үшін БСЖ беретін құбыр желідегі ыстық судың температурасы 55-65°C шектерде, жылумен жабдықтаудың ашық жүйелері үшін 55-65°C шектерде;

- БСЖ циркуляциялық құбыр желісіндегі температура (жабық және ашық жүйелер үшін) 46-55°C;

- барлық жағдайларда ЫСЖ жүйесінің кірісінде беретін құбырдағы ыстық су температурасының орташа арифметикалық мәні 50°С- тан төмен болмауы тиіс;

- ЫСЖ жүйесінің есептік циркуляциялық шығыны кезінде тегеурін (беретін және кері құбыр желісі арасындағы қысымдар аралығы) 0,03-0,06 МПа (0,3-0,6 кгс/см²) кем болмауы тиіс;

- ЫСЖ жүйесінің беретін құбырындағы судың қысымы циркуляциялық құбыр желідегі судың қысымынан тегеурін шамасына жоғары болуы тиіс (жүйеде ыстық судың циркуляциясын қамтамасыз ету үшін);

- ЫСЖ жүйелерінің циркуляциялық құбыр желісіндегі судың қысымы статикалықтан (жүйе үшін) кем дегенде 0,05 МПа (0,5 кгс/см²) жоғары болуы, бірақ статикалық қысымнан 0,20 МПа (2 кгс/см²) артыққа аспауы тиіс.

Пәтерлерде берілген өлшемдер кезінде тұрғын жайлардың санитарлық аспаптарында, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық және нормативтік- техникалық құжаттарына сәйкес, келесі мәндер қамтамасыз етілуі тиіс:

- ыстық су температурасы 50°С- тан төмен емес (оңтайлы 55°С);

- жоғарғы қабаттардың тұрғын жайларының санитарлық аспаптарының минималды тегеуріні 0,02-0,05 МПа (0,2-0,5 кгс/см²);

- жоғарғы қабаттардың санитарлық аспаптарында ыстық сумен жабдықтау жүйелерінде максималды еркін тегеурін 0,20 МПа (2 кгс/см²) аспауы тиіс;

- төменгі қабаттардың санитарлық аспаптарында сумен жабдықтау жүйелерінде максималды еркін тегеурін 0,45 МПа (4,5 кгс/см²) аспауы тиіс.

5.3 ССЖ жүйесі үшін:

- ССЖ жүйесінің беретін құбырындағы судың қысымы статикалықтан (жүйе үшін) 0,05 МПа (0,5 кгс/см²) кем болмауы, бірақ статикалық қысымнан (неғұрлым биік орналасқан және жоғары қабатты ғимарат үшін) 0,20 МПа (2 кгс/см²) аспауы тиіс.

Пәтерлерде берілген өлшемдер кезінде, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық және нормативтік- техникалық құжаттарына сәйкес, келесі мәндер қамтамасыз етілуі тиіс:

- жоғарғы қабаттардың тұрғын жайларының санитарлық аспаптарында минималды еркін тегеурін 0,02-0,05 МПа (0,2-0,5 кгс/см²);

- жоғарғы қабаттардың газдық су жылытқышының алдындағы минималды тегеурін 0,10 МПа (1 кгс/см²) кем емес;

- төменгі қабаттардың санитарлық аспаптарында сумен жабдықтау жүйелерінде максималды еркін тегеурін 0,45 МПа (4,5 кгс/см²) аспауы тиіс.

5.4 Барлық жүйелер үшін:

- жылумен және сумен жабдықтау жүйелеріндегі судың құрамы, қасиеттері, температурасы бойынша Су көздеріне, шаруашылық-ауыз сумен жабдықтауға, мәдени-тұрмыстық су пайдалану орындарына және су

объектілерінің қауіпсіздігіне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес болуы тиіс;

- жылу- және сумен жабдықтау жүйелеріне кірісте қысым ОЖ, ССЖ және ЫСЖ жүйелерінің құбыр желілерін сумен толтыруды қамтамасыз етуі тиіс, бұл ретте судың статикалық қысымы берілген жүйе үшін мүмкін 0,6-0,7 МПа (6-7 кгс/см²) аспауы тиіс.

Құбырлардың үйге кірісінде ЫСЖ және ССЖ жүйелерінде су қысымының мәндері бір деңгейде болуы тиіс (жылулық (элеваторлық) торапта кондоминиум объектісінің басқарушы немесе сервистік компаниясының, жылулық пунктті және/немесе сораптық станцияны реттеудің автоматты құрылғыларының күштерімен баптау кезінде алынады), бұл ретте қысымдардың шекті мүмкін айырмасы 0,10 МПа (1 кгс/см²) артық болмауы тиіс.

Бұл параметрлерді ғимаратқа кірісте жылу энергиясын, суық және ыстық суды автоматты реттеу, оңтайландыру, Тұтынушылар арасында біркелкі тарату бойынша шараларды орындау арқылы Қызмет берушілер қамтамасыз етуі тиіс, ал кері құбыр жүйелері үшін – ғимараттардың инженерлік жүйелерін тексерулер, анықтаулар және бұзушылықтарды жою немесе қайта жабдықтау және ретке келтіру шараларын жүргізу арқылы басқарушы тұрғын ұйымдар. Көрсетілген шараларды жылулық пункттерді, сораптық станциялар мен квартал ішілік желілерді маусымдық пайдалануға дайындау кезінде, сондай-ақ көрсетілген параметрлердің (пайдаланушылық жауапкершілік шекарасына жеткізілетін коммуналдық ресурстардың саны мен сапасы көрсеткіштерінің) бұзушылықтары жағдайында жүргізу қажет.

Параметрлер мен режимдердің көрсетілген мәндері сақталмаған кезде Қызмет беруші оларды қалпына келтіру үшін барлық қажетті шараларды дереу қабылдауға міндетті. Оның үстіне, пәтердің ішіндегі температура нормадан төмен төмендеген жағдайда сапасы бұзылумен ұсынылған коммуналдық қызметтер үшін ақыны қайта есептеуді жүргізу қажет.

5.5 Лифтілердің сипаттамалары мен қауіпсіздік құрылғыларына қойылатын жалпы талаптар:

- жұмыстың пайдаланушылық режимдері кезінде адамдарды тасымалдауға жол беретін лифтінің кабинасын автоматты жабдықтау дәлдігі $\pm 0,035$ м шектерде болуы тиіс;

- шахтаның есіктері, кабинаның есіктері, купе қабырғалары 15 мм артық емес берік деформациямен кез келген нүктеде тік бұрышпен салынған, ауданы 5 см² домалақ немесе квадрат алаңшада біркелкі бөлінген 300 Н тең жүктемеге шыдауы тиіс. Бұл ретте қалдық деформацияға жол берілмейді;

- шахта есігі мен лифт кабинасының ойығындағы биіктік және еденнен кабинаның құрылымдық төбесіне дейін өлшенген, адамдарды тасымалдауға жол беретін лифт кабинасының купе биіктігі 2,0 м кем болмауы тиіс.

Бұл ретте құрылымдық төбеден төменге 0,05 м- ге шығып тұратын элементтер (жарықшам плафоны, сәндік элементтер) ескерілмейді;

- механикалық жетекпен шахта есігінің автоматты жабылуының алдын алу үшін қажетті күш салу 150 Н аспауы тиіс.

Шахта есігінің және онымен қатты байланысқан элементтердің кинетикалық энергиясы орташа жабылу жылдамдығы кезінде есік ойығындағы кедергі кезінде немесе әсер етуге дейін есіктердің жабылатын ысырмаларының автоматты реверстелуі қарастырылатын жағдайларда 10 Дж- дан артық емес болуы тиіс.

Реверс болмаған кезде шахта есігінің және онымен қатты байланысқан элементтердің кинетикалық энергиясы жабылудың орташа жылдамдығы кезінде 4 Дж- дан артық емес болуы тиіс.

Жоғарыда баяндалған талаптар шахта мен кабинеттің есіктері өзара кинематикалық қосылған құрылымдарға таралады.

- шахта есіктерінің ашылу аймағындағы кабинадан пайдаланушыларды дербес босату мүмкіндігі қарастырылған лифтіде, кабина есіктерінің ашылу күші 50 Н кем және 300 Н артық болмауы тиіс;

- бірқалыпты тежелу ұстағыштарына немесе буферлерге номиналды жүкпен кабина төмен түскен кезде орташа баяулау шамасы $9,81 \text{ м/с}^2$ артық емес болуы тиіс, күрт тежеу ұстағыштарына - 25 м/с^2 артық емес. Әрекет ету кезінде 25 м/с^2 артық емес баяулау шамасына 0,04 с артық емес жол беріледі;

- ауыспалы токтың 42 В артық және тұрақты токтың 60 В артық кернеумен лифтілердің электр жабдығының ток келтіретін бөліктері тиюден қорғалған, ескерту жазуларымен белгіленген және арнайы таңбаланған болуы тиіс;

- лифт басқару тізбектерін қоректендіру, тасымалды құралды қосу үшін тоқтетіктердің, жарық берудің, желдетудің, екі жақты келіссөз байланысының кернеуі 250 В артық болмауы тиіс.

Тасымалды шамдардың тоқтетік тізбектерін қоректендіру кернеуі 42 В артық емес болуы тиіс;

- пайдаланушылық жұмыс режимдері кезінде кабина қозғалысы жылдамдауының (баяулауының) максималды шамасы келесілерден аспауы тиіс:

- жолаушы лифттері мен адамдар үшін қол жетімді жүк лифтілері үшін— 2 м/с^2 ;

- емдік- профилактикалық мекемелеріне арналған жолаушы лифттері үшін - 1 м/с^2 ;

Щұғыл тежелу кезінде кабинеттің орташа баяулау шамасы $9,81 \text{ м/с}^2$ артық емес болуы тиіс;

- лифтілер шахтасының өртке қарсы есіктерінің отқа төзімділік шегі болуы тиіс.

5.6 Қоқыс жинайтын камераларға, қоқыс құбырлары мен контейнерлерге нұсқаулар:

- қоқыс жинайтын камералар қоқыс таситын көлік үшін ыңғайлы кіреберістермен қамтамасыз етілуі тиіс. Камераға тікелей кіреберісті ұйымдастыру мүмкін болмаған кезде контейнермен арбаны ыңғайлы жақындату немесе қоқыс жинағышты (көлемі 100 л артық емес) қоқыс таситын көлік тоқтайтын жерге шығару қарастырылған болуы тиіс;

- қоқыс жинайтын камераның еден белгісі жол тротуарының немесе жүргінші бөлігінің деңгейі үстінде 50—100 мм- ге көтерілуі тиіс. Арбаны домалатып кіргізу үшін 8% артық емес енісімен пандус орнатылған болуы тиіс.

Қоқыс жинайтын камераларды басқа деңгейде орналастыруға, ерекшелік ретінде, үй үлкен еңісті жерде тұрған кезде жол беріледі; бұл ретте контейнерлерді немесе қоқыс жинағыштарды қоқыс таситын көлік келетін жерге орын ауыстыруды және көтеруді механикаландыру қамтамасыз етілуі тиіс.

- тұрғын және қоғамдық ғимараттарда қоқыс құбырларын орналастыру қажеттілігі ҚНЖЕ тиісті тарауларымен белгіленеді, ал ҚНЖЕ- де мұндай талаптар болмаған кезде бұл ғимараттарды жобалауға тапсырмалармен белгіленеді;

- тұрғын үйлерде қоқыс құбырларын, әдетте, жылытылатын баспалдақ-лифт тораптарында орналастыру қажет. IV климаттық ауданда және III Б климаттық кіші ауданда қоқыс құбырларын жылытылмайтын баспалдақ торларында және сыртқы өткелдерде орналастыруға жол беріледі;

- тұрғын ғимараттарда коммуналдық қалдықтарды жинау мен шығаруды (төменгі қабаттарда қоқыс құбыр желісі транзитпен өтетін қоғамдық мақсаттағы жайларды орналастырумен) арнайы жайларда бір немесе бірнеше офис қабаттарында орнатылатын компакторларды қолданумен жүзеге асыруға болады. Қалдықтардың брикеттері бұл жағдайда жүк лифтілері арқылы қоқыс жинайтын камераға шығарылады, оның жобасы көрсетілгенді ескеруі тиіс;

- биік ғимараттардың (75 м артық) қоқыс құбырларының бөлек (биіктігі бойынша) қызмет көрсету аймақтары болуы мүмкін: олардың төменгісі бір қоқыс құбырымен қызмет көрсетіледі, екіншісі – төменгі аймақ арқылы транзитпен өтетін екіншімен, ТБО құлаудың гравитациялық жылдамдығын төмендету үшін ғимараттардың аралық техникалық қабаттарында сөдіргіштер қарастырылуы мүмкін, олардың орналасуы коммуналдық қалдықтарды жинауға, сол секілді тазарту құрылғысының жұмысына кедергі жасамауы тиіс;

- қоқыс құбырларын коммуналдық қалдықтардың тәуліктік жинақталу нормативтеріне қарай есептеу қажет:

- 1) тұрғын үйлерде – 1 м^2 тұрғын ауданға–0,25 л;
- 2) жатақханалар мен қонақ үйлерде- 1 м^2 тұрғын ауданға - 0,2 л;
- 3) әкімшілік ғимараттарда - қоқыс құбырымен қызмет көрсетілетін 1 м^2 жұмыс ауданға 0,15 л.

4) басқа ғимараттарда – бұл ғимараттардан қоқыс жинауға арнайы технологиялық және гигиеналық талаптарға байланысты жоба бойынша.

Коммуналдық қалдықтар 1500 л дейін тәуліктік жинақталған кезде қоқыс құбырының бір бағаны орнатылуы тиіс;

- елді жерлердің аумағында қалдықтар мен қоқыстарды жинау және уақытша сақтау үшін тығыз жабылатын қақпақтарымен су өтпейтін контейнерлер орнатылуы тиіс. Контейнерлерді асфальтталған немесе бетондалған алаңшаларда өндірістік және қоймалық жайлардан 25 м жақын емес қашықтықта орналастыруға жол беріледі, санитарлық-эпидемиологиялық ереже мен нормаларға сәйкес қоқыс жинағыштарға арналған Алаңшалар күнделікті жиналуы тиіс;

- контейнерлерді тазарту олардың көлемінің 2/3 толуына қарай, бірақ екі күнде бір реттен сирек емес, залалсыздандыратын құралдармен кейіннен залалсыздандырумен жүргізілуі тиіс;

- қажеттілікке байланысты сыйымдылығы 0,4; 0,6; 0,7; 0,75; 0,8; 1,1 м³ контейнерлер қолданылуы мүмкін. Үлкен немесе кіші сыйымдылықты басқа ыдыстарды қолдану мүмкін. Қоқыс жинайтын камерада орналастыру үшін сыйымдылығы 0,4 - 0,6 м³ контейнерлер ұсынылады, ал компактор болған кезде – үлкен сыйымдылықты;

- қоқыс жинайтын камерада орналасатын контейнерлердің ені- 860 мм, ұзындығы- 1200 мм, жалпы биіктігі – 1130 мм аспауы тиіс;

- контейнерлердің құрылымы деформациялануға берілмейтін жоғарғы бөлігінде берік белдеуі болуы, бұрылатын доңғалақ блоктарының болуы есебінен шектеулі кеңістікте манипуляциялау, сондай-ақ арнайы ұстағыштарының болуы есебінен қоқыс таситын көлікке коммуналдық қалдықтарды механикаландырылған тиеу мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс;

- контейнерлер биіктігінің 1/3- не төменгі бөлігінде герметикалық болуы тиіс;

- контейнерлер жабдықталады:

1) диаметрі кем дегенде 150 мм және ені 40 мм подшипниктердегі толық бұрылатын екі жұп доңғалақпен (соның ішінде тік осьтің 32 бойымен). Доңғалақтардың орындалуы – резеңкеленген. Доңғалақтардың біреуінің айналу мен бұрылудан аяқпен бұғатталуы болуы тиіс. Доңғалақтардың құрылымы 150 Н (15 кгс) аспайтын күшпен 8 % еңіс бойынша толтырылған контейнердің орын ауыстыру мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс;

2) сабы бар қақпақпен. Жабық күйінде қақпақтар тұрқыны жабуы және бір шетіне 10 мм артық емес саңылаумен оның барлық периметрі бойынша жанасуы, еркін ашылуы және жабылуы тиіс;

3) елді жердің коммуналдық шаруашылығында қабылданған қоқыс таситын машиналармен оларды босатуды қамтамасыз ететін қармауыштармен;

4) тазарту кезінде шаятын және залалсыздандыратын сұйықтықты төгу үшін диаметрі 40-50 мм төгетін жабылатын тесікпен. Тесігі мен оның қақпағы қолжетімді жерде орналасады;

5) контейнердің габариттерін көбейтпейтін домалатылған немесе қисайтылған бұрыштарда бүйір (тік) саптарымен.

- жергілікті санитарлық органдармен келісіп коммуналдық қалдықтар үшін қалдықтарды механикаландырылған түсірумен жабдықталған немесе онсыз және тікелей қоқыс құбырының бағанының астында орнатуды қамтамасыз ететін, аз сыйымдылықты жинағыштарды пайдалануға жол беріледі.

5.7 ЭЭ бойынша:

Электр энергиясы сапасының екі норма түрі орнатылған: қалыпты және шекті рұқсат етілген. Электр энергиясы сапасын көрсеткіштерінің көрсетілген нормаларына сәйкестігін бағалау 24 сағатқа сәйкес есептік кезеңінің ағымында жүргізіледі.

5.7.1 Кернеуден ауытқу кернеудің орнатылған ауытқуының көрсеткіштерімен сипатталады, ол үшін келесі нормалар орнатылған:

- электр энергиясының қабылдауыштарынан шығатын жердегі орнатылған ауытқулардың қалыпты рұқсат етілген және шекті рұқсат етілген мәндері МЕМСТ 721 және МЕМСТ 21128 бойынша (номиналды кернеу) электр желісінің номиналды кернеуінен ± 5 және ± 10 % тең;

- кернеуі 0,38 кВ және астам болатын электр желілеріне электр энергиясын тұтынушыларының жалпы қосылу нүктелерінде кернеудің орнатылған ауытқуының қалыпты рұқсат етілген және шекті рұқсат етілген мәндері электр энергиясының қабылдауыштарындағы шығатын жерлерде осы стандарттың нормаларын орындау қажеттілігін ескере отырып тұтынушы және электрмен жабдықтайтын ұйымдар арасында электр энергиясын пайдалану шарттарында орнатылуы керек.

5.7.2 Кернеу ауытқулары келесі көрсеткіштермен сипатталады:

- кернеуді өзгерту серпілісімен:

1) кернеудің ауытқуы кезінде электр желілеріне жалпы қосылу нүктелерінде кернеудің өзгеру серпілісінің шекті рұқсат етілген мәндері, кернеу өзгерісінің қайталану жиілігі немесе кернеу өзгерістері арасындағы аралықтарға байланысты меандр пішініне ие, сондай-ақ елеулі көзбен шолу кернеуі талап етілетін жайлар ішінде қыздыру лампалары бар электр энергиясын тұтынушылар үшін МЕМСТ 13109-97 бойынша анықталады;

2) Кернеуі 0,38 кВ кернеуі бар электр желілеріне қосылу нүктелеріндегі кернеу өзгерісінің серпілісі мен кернеудің орнатылған ауытқуы сомасының шекті рұқсат етілген мәні номиналды кернеуден $\pm 10\%$ тең;

- фликер мөлшерлемесімен:

1) меандрдан ерекшеленетін пішіні бар кернеудің ауытқуы кезінде фликердің қысқа мерзімді мөлшерлемесі үшін шекті рұқсат етілген мәні, 1,38

тең, ал сол ауытқулар кезінде фликердің ұзақ мерзімді мөлшерлемесі үшін кернеу 1,0 тең.

Фликердің қысқа мерзімді мөлшерлемесін 10 минутқа тең уақыт аралығында анықтайды. Фликердің ұзақ мерзімді мөлшерлемесін 2 сағатқа тең қадағалау уақытының аралығында анықтайды;

2) меандрдан ерекшеленетін пішіні бар кернеу ауытқуы кезінде елеулі көзбен шолу кернеуі талап етілетін жайлар ішінде қыздыру шамдары бар электр энергиясын тұтынушыларды жалпы қосу нүктелерінде фликердің қысқа мерзімді мөлшерлемесі үшін шекті рұқсат етілген мәндері, 1,0 тең, ал фликердің ұзақ мерзімді мөлшерлемесі үшін осы нүктелерде 0,74 тең.

5.7.3 Кернеудің синусты болмауы келесі көрсеткіштермен сипатталады:

- кернеудің синусты қисығының бұрмалану коэффициенті;
- кернеуді құрайтын i - үйлесімді құраушы коэффициенті.

Көрсетілген көрсеткіштер нормалары МЕМСТ 13109-97 бойынша орнатылған.

5.7.4 Кернеулер бейсимметриялылығы келесі көрсеткіштермен сипатталады:

- кері жүйелілік бойынша кернеудің бейсимметрия коэффициентімен:

1) электр желілеріне қосылудың нүктелерінде кері жүйелілік бойынша кернеу бейсимметриялылығы коэффициентінің қалыпты рұқсат етілген және шекте рұқсат етілген мәндері 2,0 және 4,0% пайызға тең;

- нөлдік жүйелілік бойынша кернеудің бейсимметриялы коэффициентімен:

1) номиналды кернеуі 0,38 кВ болатын төрт жетекті электр желілеріне жалпы қосылу нүктелерінде нөлдік жүйелілік бойынша кернеудің бейсимметриялы коэффициентінің қалыпты рұқсат етілген және шекті рұқсат етілген мәндері 2,0 және 4,0% пайызға тең.

5.7.5 Электр желілеріндегі ауыспалы тоқтың кернеуі жиілігінің ауытқуы келесі нормалар орнатылған жиілік ауытқуының көрсеткішімен сипатталады:

- жиілік ауытқуының қалыпты рұқсат етілген және шекті рұқсат етілген мәндері $\pm 0,2$ және $\pm 0,4$ Гц тең.

5.7.6 Кернеудің құлауы келесі норма орнатылған кернеу құлауының ұзақтығы көрсеткішімен сипатталады:

- 20 кВ дейінгі кернеуі бар электр желілерінде кернеу құлауының ұзақтығының шекті рұқсат етілген мәні 30 с тең. Электр желілеріне қосылудың кез келген нүктесінде кернеудің автоматты түзетілетін құлауының ұзақтығы автоматика мен уақытша релейлі қорғау ұстамдылығымен анықталады.

5.7.7 Кернеу импульсы импульсты кернеу көрсеткішімен сипатталады. Энергияны үнемдейтін ұйымның электр желілерінде пайда болатын

коммутациялық және найзағай импульстары үшін импульсты кернеу мәндері. МЕМСТ 13109-97 келтірілген.

5.7.8 Уақытша шектен тыс кернеу уақытша шектен тыс кернеудің көрсеткішімен сипатталады.

Энегияны үнемдейтін ұйымдардың электр желілерінде пайда болатын уақытша шектен тыс кернеу коэффициенттерінің мәндері МЕМСТ 13109-97 келтірілген.

5.8 ГЖ бойынша:

Тасымалданатын газдың жұмыс қысымы бойынша газ құбырлары I және II санатты жоғары, орташа және төмен қысымды газ құбырларына бөлінеді.

5.8.1 Ішкі газ құбырларындағы газ қысымы және газды пайдаланатын қондырғылар алдында әзірлеуші-зауыттардың техникалық паспорттарында көрсетілген осы қондырғылардың берік жұмысы үшін қазетті қысымға сәйкес келуі керек, бірақ келесі мәндерден аспауы керек:

1) газ қысымының көлемі өндіріс талаптарымен шартталған өндірістік ғимараттар - 1,2 МПа;

2) басқа өндірістік ғимараттар – 0,6 МПа;

3) ғимараттарға жапсыра салынған және осы ғимараттар ішіне салынған жеке тұрған өнеркәсіптік ғимараттардың тұрмыстық ғимараттары – 0,3 МПа;

4) әкімшілік ғимараттар – 0,005 МПа;

5) қазандықтар:

өндірістік кәсіпорын аумақтарында жеке тұрған - 1,2 МПа;

қоныстану аумағында сол то - 0,6 МПа;

өндірістік ғимараттардың қоса салынған, жапсыра салынған жайлары және төбелері - 0,6 МПа;

әкімшілік, қоғамдық және тұрмыстық ғимараттардың қоса салынған, жапсыра салынған жайлары және төбелері - 0,3 МПа;

тұрғын үй ғимараттарының жапсыра салынған жайлары және төбелері - 0,005 МПа;

6) оқоғамдық ғимараттар және қоймалар (газ жабдығын ҚР СНЖЕ 3.02-02-2009 талаптарымен орнату рұқсат етілмеген ғимараттардан басқа) – 0,005 МПа;

7) тұрғын үй ғимараттары – 0,003 МПа.

5.8.2 Газ қолданушы жабдықты түрлі мақсаттағы ғимарат жайларына орналастыру мүмкіндігі және осы жайларға қойылатын талаптар көрсетілген жабдықты жеткізуге стандарттар талаптары мен басқа құжаттарды, сондай-ақ оны қолдану шарттары мен аясын анықтайтын нұсқаулықтар мен зауыттық паспорт деректерін ескере отырып ғимаратты құру мен жобалау бойынша тиісті құрылыс нормалары және ережелерімен орнатылады.

Егер осындай орналастыру тиісті құрылыс нормалары және ережелерімен реттелмеген болса, газды пайдаланушы жабдықты

орналастыруға тыйым салынады (табиғи тауарлы газ және ғимараттардың жер асты және цокольды қабаттардағы жайларындағы сұйылтылған мұнай газын) (бір пәтерлі және блокталған ғимараттарды есептемегенде).

5.8.3 Қызмет көрсетуші персоналдың тұрақты қатысуынсыз автоматты режимде жұмыс істейтін газ қолданушы жабдық орнатылатын жердегі барлық мақсаттағы (тұрғын үйлерден басқа) ғимараттар жайларын диспетчерлік пунктке немесе егер басқа талаптар тиісті құрылыс нормалары және ережелерімен реттелмеген болса, тұрақты қатысу жайында газдалу туралы дабылды шығарумен және газды беруді автоматты ажыратумен газдалуды бақылау жүйелерімен жарақтау керек.

Тұрғын үй ғимараттарында газды беруді автоматты түрде ажыратумен жайларды газдауды бақылау жүйелерін жылыту жабдығын орнату кезінде қарастыру керек:

- 60 кВт астам қуаттылығымен орнату орнына тәуелді емес;
- жер асты, цокольді қабаттарында және ғимаратқа жапсыра салынған құрылыстарда – жылу қуаттылығына тәуелді емес.

5.8.4 Ішкі газ құбырларын металл құбырлардан орындау керек. Тұрмыстық газ құралдары, БӨҚ, сұйылтылған мұнай газдарының баллондары құбырларына қосуды икемді жеңдер, белгіленген қысым мен температура кезінде тасымалданатын газға берік етіп қарастыру керек.

5.8.5 Құбырлардың қосылыстары ажыратқыш болмауы керек.

Ажыратқыш қосылыстар газ және газды қолданылатын жабдықтардың, арматура және БӨҚ, сондай-ақ егер әзірлеуші зауыттардың құжаттамасында қарастырылса газды пайдаланатын жабдық пен газ құбырларының байлауы орындарында қарастыруға рұқсат етіледі.

5.8.6 Газ құбырларын төсеуді ашық немесе жасырын қарастыру керек. Газ құбырларын жасырын төсеу кезінде оларды коррозиядан қорғау бойынша қосымша шараларды қарастыру керек және қорғаныс жабындарының жөндеу мен қарауының мүмкіндігін қамтамасыз ету керек.

Ғимараттардың құрылыстық құрылымдарының қиылысу орындарында футлярда (сауытта) төсеу керек.

Сұйылтылған мұнай газының газ құбырларын жасырын төсеуге рұқсат берілмейді.

5.8.7 Қажеттілікке қарай газ құбырларын ашық транзитті төсеуі рұқсат етіледі, оның ішінде тұрғын үй жайлары, жалпы мақсатта қолданылатын жайлар және егер газ құбырында ажырату қосылулары жоқ болса және оны қарау үшін қолжетімділік қамтамасыз етілетін болса, газ қысымы бойынша 5.8.1. талаптарын ескере отырып, барлық мақсатта қолданылатын өндірістік жайлар арқылы.

5.8.8 Өндірістік ғимараттар, қоғамдық және тұрмыстық ғимараттар, қазандықтар және өндірістік мақсаттағы тұрмыстық ғимараттардың газ құбырларында үрлеу құбырларын қарастыру керек.

5.8.9 Газ құбырларын төсеуді қарастыруға рұқсат етілмейді:

- 1) А және Б санатты жарылыс және өрт қаупі барға жататын жайларда;
- 2) барлық жайлардағы өрт қаупі бар аймақтарда;
- 3) жертөлелерде;
- 4) жанар-жағар май материалдары мен өрт қаупі бар қойма ғимараттарында;
- 5) үлестіру құрылғылары мен станция жайларында;
- 6) желдету камералары, шахталар мен арналар арқылы;
- 7) лифтілер шахталары мен қоқыс жинайтын жайлардың саты торлары арқылы;
- 8) газ құбыры коррозияға ұшырайтын, сондай-ақ агрессивті заттардың мүмкін болатын әсер ететін орындары мен газ құбырлары жанатын өте ыстық өнімдермен жуылуы мүмкін немесе металлмен балқуы мүмкін орындарында коррозияға ұшыруы мүмкін жайлар арқылы.

5.8.10 Ажырату құрылғыларын орнату келесіні қарастырады:

- 1) газ есептеуіштерінің алдында (егер есептеуішті ажырату үшін енгізу кезіндегі ажырату құрылғысын қолдануға болмаған жағдайда) ;
- 2) тұрмыстық газ құралдары, тамақ әзірлейтін қазан табақтары, газ жабдығы мен Бақылау-өлшеуіш құралдары, жылыту пештері, газ жабдығы мен Бақылау-өлшеу құралдары алдында;
- 3) жанғыш және газды пайдаланатын жабдықтар алдында;
- 4) үрлемелі газ құбырларында;
- 5) газ құбырын жай ішіне енгізу кезінде оның ішінде ГРУ орнату кезінде немесе енгізу орнынан 10 м астам қашықтықта ажырату құрылғысымен газ есептеуішін орнату кезінде.

5.8.11 Газды пайдаланатын жабдық орнатылатын әр объект орнатылған тәртіпте газды пайдаланудың бекітілген ережелеріне сәйкес газды шығындау есептеуішімен жабдықталуы керек.

Құзыретті органдардың тұтынушылардың газды шығындауын есептеу және газбен жабдықталатын тұрғын үй ғимараттарындағы газға деген бағаны реттеу тәртібі туралы шешімі бойынша, сондай-ақ жылыжайлар, монша және басқа да жайларды газбен жабдықтау кезінде газ құбырында газ-есептеуіш шығынын есепке алу құралын орнату жолымен әр абонентпен газ шығынын есепке алу мүмкіндігі қарастырылуы керек.

6 Коммуналдық қызметтердің сапасы деңгейін бағалау әдістері

6.1 Қосылу бойынша қызмет көрсету сапасы деңгейін сипаттайтын көрсеткіштер берілген есептік кезеңде қосылуларды жүзеге асыруға шарттардың жалпы санында шарттардың мерзімдерін бұзбай орындалған үлеске және қосылуларды жүзеге асыруға өтініштерді қарастыру ұзақтығына қарай анықталады.

6.1.1 В_ч – қосуды жүзеге асыруға шарттардың орындалу көрсеткіші есептік реттеу кезеңі ішінде орындалу мерзімімен жоспарланған

қосылуларды жалпы санында бұзушылықтарсыз орындалған шарттар санының 1 үлесінен ерекшелік ретінде анықталады, мына формуламен анықталады (1):

$$B_{\text{ч}} = 1 - N_{\text{орын}} / N_{\text{шарт}}, \quad (1)$$

мұндағы: $N_{\text{шарт}}$ – қосуды жүзеге асыру есептік реттеу кезеңі ішінде жоспарланған қосылу туралы шарттардың саны;

$N_{\text{орын}}$ – мерзімдері бұзылусыз орындалған мұндай шарттардың, міндеттемелердің саны, дана;

6.1.2 $B_{\text{к}}$ – қосылуға өтініштерді қарастырудың орташа ұзақтық көрсеткіші мына формуламен анықталады (2):

$$B_{\text{к}} = (S T_{\text{р}}^{\text{к}} / T_{\text{н}}^{\text{к}}) / N_{\text{ө}}, \quad (2)$$

мұндағы: $T_{\text{р}}^{\text{к}}$ – қолданыстағы нормативтік актілерге сәйкес есептік реттеу кезеңі ішінде қарастыру мерзімімен берілген қосылуға k -ші өтінішті реттеуші ұйымның қарастыру ұзақтығы, күн. ($k=1$);

$T_{\text{н}}^{\text{к}}$ – реттеуші ұйымның мұндай өтінішті қарастыруының нормативтік ұзақтығы (өтініш берушінің талаптарға сәйкес келмейтін өтініштерін қайта беруімен туындаған өтініштерді қарастыру мерзімдері ұзақтығын арттыруды қоспағанда), күн ($k=1$);

$N_{\text{ө}}$ – көрсетілген өтініштер саны.

6.1.3 $B_{\text{кл}}$ – клиентке бағдарланушылық көрсеткіші реттеуші ұйымның тауарлар мен қызметтер Тұтынушыларына қатысты нормативтік құқықтық актілердің талаптарын сақтау деңгейіне, сондай-ақ тауарлар мен қызметтер Тұтынушыларының арыздарына (шағымдарына) әсер беру жеделдігіне, яғни олармен өзара әрекеттестік тиімділігіне қарай анықталады және мына формуламен анықталады (3):

$$B_{\text{кл}} = k_1 C_{\text{нпа}} + k_2 C_{\text{в}}, \quad (3)$$

мұндағы: $C_{\text{нпа}}$, $C_{\text{в}}$ – клиентке бағдарланушылық көрсеткішінің құраушылары;

k_1 , k_2 – құраушылардың салыстырмалы үлестері. Жылу көздері үшін $k_1=0,6$, $k_2=0,4$; жылу желілік ұйымдар үшін $k_1=0,4$, $k_2=0,6$; жылу көздерін және жылу желілерін басқаратын реттеуші ұйымдар үшін, $k_1=0,5$, $k_2=0,5$;

$C_{\text{нпа}}$ – реттеуші ұйымның нормативтік құқықтық актілермен белгіленген талаптарды сақтауының құраушысы, реттеуші ұйымның жылулық желі ұзындығы мен жылулық қуат көлемі бірлігіне есеппен белгіленген талаптардың бұзушылықтар саны ретінде анықталады, мына формуламен анықталады (4):

$$C_{\text{нпа}} = n_{\text{нпа}} / L, \quad (4)$$

мұндағы $n_{\text{нпа}}$ – заңды күшіне енген сот шешімімен анықталған реттеуші ұйымның бұзушылықтарының саны, соның ішінде реттеуші ұйымның тауарлары мен қызметтеріне қол жеткізу бойынша тауарлар мен қызметтердің Тұтынушыларын дискриминациялау фактілері бойынша, сондай-ақ қызмет көрсету тәртібі бойынша, дана:

L – жылулық желі ұзындығы.

$C_{\text{в}}$ – тауарлар мен қызметтердің Тұтынушыларымен өзара әрекеттестік тиімсіздігінің құраушысы, мына формуламен анықталады (5):

$$C_{\text{в}} = I_{\text{ор}} + I_{\text{рем}}, \quad (5)$$

мұндағы: $I_{\text{ор}}$, $I_{\text{рем}}$ – тауарлар мен қызметтердің Тұтынушыларымен өзара әрекеттестік тиімсіздігінің деңгейін көрсететін коэффициенттер:

1) $I_{\text{ор}}$ – тауарлар мен қызметтердің Тұтынушыларының арыздарын (шағымдарын) қарастыру және егер арыздың (шағымның) мазмұны реттеуші ұйымның арыз (шағым) пәні бойынша шараларды орындауын талап етсе, арыздарға (шағымдарға) жауап беру мерзімдерінің сақталуын сипаттайтын тауарлар мен қызметтердің Тұтынушыларының арыздарына жауап беру жеделдігі коэффициенті (реттеуші ұйым мен тауарлар мен қызметтердің Тұтынушыларының арасындағы нормативтік құқықтық актілерге, келісімдерге немесе реттеуші ұйымның басқа келісімдеріне сәйкес) мына формуламен анықталады (6):

$$I_{\text{ор}} = 0,5 \frac{\sum_{i=1}^l \frac{\max\{t_{i \text{ рассм}}^{\text{факт}} - t_{i \text{ рассм}}^{\text{норм}}, 0\}}{t_{i \text{ рассм}}^{\text{норм}}}}{l} + 0,5 \frac{\sum_{i=1}^m \frac{\max\{t_{i \text{ устр}}^{\text{факт}} - t_{i \text{ устр}}^{\text{норм}}, 0\}}{t_{i \text{ устр}}^{\text{норм}}}}{m}, \quad (6)$$

мұндағы: $t_{i \text{ рассм}}^{\text{норм}}$ – реттеуші ұйымның және тауарлар мен қызметтердің Тұтынушыларының арасындағы нормативтік құқықтық актілермен, реттеуші ұйымның басқа да құжаттарымен белгіленген арызға (шағымға) тауарлар мен қызметтердің Тұтынушысына қарастыру және жауап беру (жазбаша немесе ауызша) мерзімі, сағ:

